

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 мамырдағы N 556 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1373 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1311 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1311 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңын орындау үшін Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Өнеркәсіп саласындағы қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 мамырдағы N 556 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 18, 189-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Өнеркәсіп саласындағы қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарында:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өнеркәсіптік жарылыс-өрт қаупі бар және тау-кен өндірісін, электр станцияларын, электр желілері мен кіші станцияларды, гидротехникалық құрылыстарды, арналы газ-мұнай өнімдері құбырларын, көтергіш құрылғыларды , сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстарды және құбыр желілерін пайдалану және мұнай мен газға арналған бұрғылау жұмыстары;"

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"уларды өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, сатып алу, сақтау, сату, пайдалану ж ә н е ж о ю . " ;

Электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді және таратуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік т а л а п т а р ы н д а :

тақырыбы "таратуды" деген сөзден кейін ", электр станцияларын, электр желілері мен кіші станцияларды пайдалануды" деген сөздермен толықтырылсын;

Өнеркәсіптік жарылыс-өрт қаупі бар және тау-кен өндірісін, арналы газ-мұнай өнімдері құбырларын, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстарды және құбыр желілерін жобалауды және

пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнеркәсіптік жарылыс-өрт қаупі бар және тау-кен өндірісін, гидротехникалық құрылыстарды, арналы газ-мұнай өнімдері құбырларын, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстарды және құбыр желілерін пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарына";

Химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау, тау-кен-шахталық жабдықтарын, жарылыстан қорғалған электртехникасы жабдықтарын, бақылау аппаратуралары мен жүйелерін, аварияға қарсы қорғаныс пен белгі бергіштерді, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстарды және құбыр желілерін дайындауды, монтаждауды және жөндеуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарында:

тақырыбында:

"желілерін" деген сөзден кейін "жобалауды," деген сөзбен толықтырылсын;

"тау-кен-шахталық," деген сөзден кейін "металлургиялық, энергетикалық" деген сөздермен толықтырылсын;

Электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) мемлекеттік энергия қадағалау органының қорытындысы";

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Уларды өндіруді, қайта өңдеуді, тасымалдауды, сатып алуды, сақтауды, сатуды, пайдалануды және жоюды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары*"

1. Біліктілік талаптары:

1) санитарлық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін мамандандырылған өндірістік ғимараттардың;

2) қауіпсіздік пен техникалық пайдалану ережелеріне сәйкес келетін техникалық жобалардың және технологиялық регламенттердің, жабдықтардың, технологиялық желілердің;

3) уларды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлар мен сыйымдылықтардың (санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық қадағалау, ішкі істер және өртке қарсы қызмет органдарының бірлесіп тексерген актісі);

4) улы заттар қоймасы күзетінің немесе күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілермен, күшті әсер ететін улы заттарды (КӘУЗ) сақтаған жағдайда - ішкі

істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерімен күзет қызметін көрсетуге арналған шарттың;

5) мыналарды қамтамасыз ететін қызметтердің: жабдықтарды, тетіктерді, технологиялық желілерді пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін бақылау мен қоршаған ортаны қорғауды; медициналық бақылауды; метрологиялық бақылауды; улы заттардың есепке алынуын; қауіпті жүктерді тасымалдауды;

6) арнайы қорғаныш киімнің, жеке қорғаныш заттарының, өртке қарсы мүкәммалдың;

7) белгіленген тәртіппен бекітілген персоналды қауіпсіздік техникасына оқыту жөніндегі нұсқаулықтың; қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламалардың, іс-шаралардың;

8) тиісті білім деңгейіне сай әрі мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар білікті инженерлік-техникалық және басшы қызметкерлердің білікті құрамының, техникалық пайдалану ережелері мен қауіпсіздік ережелерін білетіндігіне тексеруден өткен және улы заттармен жұмыс істеу құқығына рұқсаты бар мамандардың;

9) өтініш берушінің белгіленген нормалар мен ережелерге сәйкестігін растайтын тау-кен-техникалық, экологиялық, санитарлық қадағалау органдары қорытындыларының;

10) уларды пайдалану (қолдану) кезінде (өнеркәсіпте, медицинада, ауыл шаруашылығында, қорғаныс мақсатында) тиісті уәкілетті мемлекеттік орган келісімінің;

11) шетелдік жұмыс күшін қолданған жағдайда, оларды тартуға арналған лицензияның;

12) сақтандырудың міндетті түрлерінің болуын қамтиды.

* Ескерту.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметінде уларды өндіру, қайта өңдеу, пайдалану және жою болмаған кезде, 1-тармақтың 1), 2), 5) (улы заттарды есепке алу мен тасымалдаудан басқа), 10) тармақшалары бойынша мәліметтерді беруі талап етілмейді."

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

